


**САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:**

**Жанашырлық – жанға қуат**





## Сабақ мақсаты:

Оқушыларға жанашырлық туралы түсінік беріп, олардың бойындағы жанашырлық сезімдерін дамыту.

## Міндеттері:

- оқушыларға жанашырлық ұғымы туралы түсінік беру.
- оқушылардың бойындағы сезімталдық, қамқорлық, жанашырлық сезімдерін дамытуға ықпал ету.
- оқушыларды ниеттес, тілектес, сыйлас болуға тәрбиелеу.


# Сабақтың барысы:






# Шаттық шеңбері.

**Балалар шеңберге тұрып, сәлемдеседі.  
Бір-бірімізге адамгершілік қасиеттерге байланысты жылы  
лебізімізді білдіреміз.**



## ікірлесейік, ойланайық.

- **Жанашырлық - жанға қуат дегенді қалай түсінеміз?**
- **Айналаңа не үшін жанашырлық танытар едің? /табиғатқа, достарыңа, отбасыңдағы адамдарға /**
- **Жанашырлық таныту барлық кезде қажет пе?**





**Мәтінмен жұмыс.**

**«ОН ЕКІ МИЛЛИОН»**

✓ Арноның өз өміріне риза болмау себебі неде?



✓ Арноның жүрегін жылытып, өмірге көзқарасын өзгерткен қандай жағдай?



✓ Арно жан рақатын қалай тапты?



# ДӘЙЕКСӨЗ

Қайырымды іс  
жаса,  
қайырлы болар әр  
ісің.

Халық мақалы.



# Өзіммен-өзім

*Маужырап отырған күйдегідей ыңғайланып отырыңыздар.Ыстықтан әбден қалжырап,тіпті саусағыңды да қимылдата алмайтындай әсер болғаны дұрыс.Басқа тітіркендіргіштер әсер етпес үшін көзді жұму керек.*

*Алдымен еркін жайлап тыныс алыңыздар./6-8 рет/*

*Қарныңмен ауаны жұтып,ауыз арқылы жіңішке,әрі әлсіз лепті үрлеп шығара отырып, сен сол үрленген леппен аяғыңнан мойныға дейін бүкіл денеңді тітір секілді бүркемелеп алғандай ойша елестетіңіздер.*

*Осы жаттығуды 6-8 рет қайталап,дем шығарғанда ойша: “Мен өз сезімімді ұнамсыз эмоциялардан арыламын.”-деп іштей айтыңыздар.*

*Одан кейін екі рет дем шығарғанда : “Енді мен ұнамсыз эмоциядан арылдым.” –деп тағы іштей айтыңыздар.*

*Жаттығуды жасап болғаннан кейін,денелеріңді босаңсытыңдар.*

*Енді көздеріңді ашып,жақсы нәрселерді естеріңе түсіріп,айналаға күлімдей қараңыздар.*



# Жағдаяттарды талдау

Жұмыстан келген анасы ұлына: -Ауырып тұрғаным, жата тұрсам ба екен?-деді.  
-Жата беріңіз,-деді кітаптың қызығына түскен ұлы назар аудармастан.

Мамасы төсегіне барып жатты да ұлына көрпенің үстінен тон жаба салуды өтінді.

Ұлы орнынан салдыр-күлдір еткізіп ренжи тұрды да үн-түнсіз оның өтінішін орындады.

Мен қалада оқитынмын.Үйіме ай сайын келіп тұратынмын. Өйткені шешемнің денсаулығы нашар еді.

Бір күні үйге келдім.Менің келгеніме анам қуанып төсегінен тұрды,су жылытып үлкен легенге құйды да:

-Жуынып ал,балам,-деді.

Мен жуынып болған соң үстел жанына келіп отырдым да, қызықты кітапты алып оқи бастадым.

Бір кезде аяғымды жуған суды төгуді ұмытып кеткендігім есіме түсті. Келсем леген бос тұр.Суды төгіп келген шешем шаршап, демін әрең алып отыр екен...

- ❖ Бала анасына жанашырлық білдіре алды ма?
- ❖ Сен оның орнында болсаң не істер едің?

Кімнің жанашыры басымырақ деп ойлайсың?  
Жағдаятты жалғастырып көрейік.



# НАЗАР АУДАРУ

*Басына іс түскен адамдарға жанашыр бола біл. Жанашырлықты сөзбен ғана емес, іспен де, мінез-құлықпен де таныту қажет - ең бастысы осы.*

*В.А.Сухомлинский.*



# Үйге тапсырма:

3-тапсырма

33-34 бет.



## Жүректен жүрекке.

Балалар шеңберге тұрып,  
«Жас дәуірдің түлегіміз » өлеңін айтып,  
сабақты аяқтаймыз.

**Сөзі: Е.Өтетілеуовтікі.**

**Әні: И,Нүсіпбаевтікі.**

**I. Өзіміз туған,  
Көбелек қуған –  
Өлкеде өсіп, толамыз.  
Жалықпай оқып,  
Көңілге тоқып –  
Білімді адам боламыз.**

Қайырмасы:

**Жадырап күндей,  
Жайнаған гүлдей –  
Бақытты біздер баламыз.**

**II. Аялар бізді  
Қамқоршы ізгі –  
Сүйікті Отан – анамыз.  
Отанды мақтап,  
Айтамыз тақпақ –  
Шырқатып әнге саламыз.**

# Кел, ойнайық!

ақыл

қайырымд  
ы

ар-намыс

сенім

адалдық

ізгілік

сыйласты  
қ

жанашыр

кеңпейілділік

мейірімділік

достық

махаббат